

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



«БЕКІТЕМІН»
Қабылдау комиссиясының
төрайымы, ректор
Г. Алдамбергенова
_____ 2020 ж.

**«B092-Тынығу» білім беру бағдарламаларының топтары бойынша
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ОНЛАЙН ТАПСЫРУ
НҰСҚАУЛЫҒЫ**

Алматы, 2020 ж.

В092 – Тынығу білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханның қашықтықтан қабылдау талаптары мен бағалау критерийлері

Күндізгі бөлім, оқу мерзімі - 4 жыл

I-шығармашылық емтихан

1. Талапкердің музыкалық және ырғақтық қабілетін тексеру.
2. Талапкер өзінің орындаушылық шеберлігін көрсететін 2 әртүрлі сипаттағы ән орындауына, одан өзге әр түрлі аспаптарда ойнауға, поэзия, прозалардан үзінділер, мысалдар, монологтар оқуына, би билеуіне, пантомима көрсетуіне т.б. болады.

35-40 балл (өте жоғары)

Дауыс диапазоны толық бір октаваны құрайды, тембрі өте жақсы, өзіндік орындау мәнері бар, дыбыс күші үлкен. Поэзия мен прозалық шығармаларды мәнерлі, обрызды орындайды. Есту қабілеті өте жақсы

21-34 балл (жақсы)

Дауыс диапазоны бір октаваны құрайды, тембрі жақсы, өзіндік орындау мәнері бар, дыбыс күші жақсы. Поэзия мен прозалық шығармаларды мәнерлі орындайды. Есту қабілеті жақсы.

5-20 балл (қанағаттанарлық)

Дауыс диапазоны бір октаваға жетпейді, бірақ әрі қарай дамытуға болады, тембрі түсініксіз, дыбыс шығаруда көптеген кемшіліктер бар (қысып айту, айқалап айту, дыбысты мұрынға жіберу). Поэзия мен прозалық шығармаларды орындауда сезінбейді. Есту қабілеті орташа.

0-4 балл (қанағаттанарлықсыз)

Дауыс диапазоны бір октаваға жетпейді, дыбыс күші аз, орындау барысында көптеген кемшіліктер жіберді (қысып айту, айқайлап айту, дыбысты мұрынға жіберу, дикция түсініксіз). Поэзия мен прозалық шығармаларды орындауда нашар жеткізеді. Есту қабілеті нашар.

II-шығармашылық емтихан

Талапкер өзі таңдаған тақырыптардың біріне ұйымдастыру, қойылым жұмысының негіздері бойынша қысқаша сценарий құрастырып, ауызша айтып береді. Сценарий құрастыру үшін 15 минуттан 30 минутқа дейін уақыт беріледі.

Мына тақырыптар ұсынылады:

1. «Тәуелсіздік»;
2. «Ұстаздар мерекесі».
3. «Білім күні»
4. «Жеңіс күні» т.б

35-40 балл (өте жоғары)

Талапкер өзінің таңдап алған тақырыбын жақсы біледі, сценарий құрастырғанында жүйе бар, ойы терең. Идея мен тақырып байланысы бар. Дикция таза, дауысы ашық, сезімтал. Ұйымдастырғыш қабілеті бар, жігерлі, отты.

21-34 балл (жақсы)

Тақырып ашылмаған, бірақ әрі қарай дамытуға болады. Жазуға икемі бар. Дикциясы нашар, дауысы бәсең болсада түсінікті.

5-20 балл (қанағаттанарлық)

Тақырып бойынша құрастырған сценарийде белгілі жүйе бар, бірақ ойы шашыраңқы, жазғанын дұрыстап жеткізе алмайды. Дикция таза, дауысы бәсең.

0-4 балл (қанағаттанарлықсыз)

Тақырып ашылмаған, жазуға икемі жоқ. Тақырып пен идеяны ажырата алмайды, дикциясы нашар, дауысы бәсең.

Нұсқаулар:

1 – шығармашылық емтихан:

1. Талапкер толығымен Ноутбук, компьютермен (видеокамерасы бар) жабдықталған болуы керек.
2. ZOOM бағдарламасы арқылы алдын-ала жіберілген идентификациялық номер арқылы конференцияға шығады.
3. Төлқұжатын көрсетіп тұлғасын айқындайды.
4. Камера алдында отырып өнерін көрсетеді

2 – шығармашылық емтихан:

1. Талапкер толығымен Ноутбук, компьютермен (видеокамерасы бар) жабдықталған болуы керек.
2. ZOOM бағдарламасы арқылы алдын ала жіберілген идентификациялық номер арқылы конференцияға шығады.
3. Төлқұжатын көрсетіп тұлғасын айқындайды.
4. Талапкер өзі таңдаған тақырыптардың біріне ұйымдастыру қойылым жұмысының негіздері бойынша қысқаша сценарий құрастырып, ауызша айтып береді.

Ескерту: Емтихан абитуриенттің интернет байланысқа шыға алу мүмкіндіктерін ескере отырып, комиссия мүшелерімен ZOOM, WhatsApp, арқылы өтеді. Абитуриент алдын – ала жазылған видеожазбасын жібере алады.